



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

12.04.2024 № 2-01-24-29457

15.03.2024

ДЗ-115

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура автомобиль жүк тасымалы нарығында орын алған проблемаларға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Сауалда шетелдік жүк тасымалдаушыларға ел аумағынан өту үшін Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетімен (бұдан әрі – Комитет) рұқсаттың негізсіз берілуі, рұқсат бланкілерінің заңсыз сатылуы және басқа да дәлелдер келтірілген.

Осыған байланысты жоғарыда аталған фактілер бойынша Бас көлік прокуратурасы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның 20-бабына сәйкес Комитет қызметіне қатысты талдау жүргізуді бастады.

Қазіргі таңда атқарылған жұмыс барысында 2023 жылы Комитетпен 94 908 шетелдік рұқсат бланкілері берілгені анықталды.

Аталған мерзімде шетелдік жүк тасымалдаушылардың 49 583 автокөлік құралдары Комитетпен тексеріліп, 2 654 тұлға (халықаралық тасымалдауды рұқсатсыз жүзеге асыру, шетелдік рұқсаттар бланкілерін басқа тасымалдаушыға беру, шетелдік тасымалдаушының заңнамаға сәйкес ресімделмеген рұқсатты пайдалану және т.б. заң бұзушылықтар) әкімшілік жауаптылыққа тартылған (397,6 млн теңге айыппұл салынып, өндірілді).

Талдау аясында Бас көлік прокуратурасы Мемлекеттік кірістер комитетіне («SOFI-TRANS» ЖК-ның (бұдан әрі - ЖК) №200.00 және 910.00 нысанындағы декларацияларын ұсыну), ішкі істер органдарына (ЖК-ға тиесілі автокөлік құралдарының тізімін беру), сондай-ақ Комитетке (рұқсаттарды беруге негіз болған құжаттарды ұсыну туралы) сұратулар жіберді.

Уәкілетті органдардан келіп түскен құжаттар зерделенуде.

Талдау қорытындысы бойынша заң бұзушылық белгілері анықталған жағдайда тексеру іс-шаралары ұйымдастырылатын болады.

Осыған байланысты сауалда келтірілген уәждерді талқылау үшін аралық кеңесті тексеру басталған кезде өткізген жөн деп санаймыз.

Нәтижелері туралы қосымша хабарланады.

**Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
орынбасары**

Ж. Өмірәлиев